

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 ақпанда № 13317 болып тіркелді

Министерство образования и науки Республики Казахстан

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы**

*Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.04.2018 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 139-бабының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламалары және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары бекітілсін.



---

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 12.04.2018 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

2. «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 7 тамыздағы № 323 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8678 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 220 (28159) санында жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Әкімшілік департаменті (А.М. Қайырбекова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрі**

**А. Сәрінжіпов**

«Келісілді»

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму  
министрі

\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова

2016 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 27 қаңтардағы  
№ 83 бұйрығымен бекітілген

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары**

*Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 12.04.2018 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламалары және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің беру бағдарламаларын және арнайы білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын айқындайды.

Осы Қағидаларда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) апелляцияларды қарау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – республикалық апелляциялық комиссия) және тестілеуді өткізу пунктіндегі апелляциялық комиссия - педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың ұлттық біліктілік тестілеу нәтижелерімен келіспеу кездерінде даулы мәселелер бойынша шешім қабылдайтын, білім беру саласындағы уәкілетті орган мен облыстың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органы құратын комиссиялар;

2) аттестаттау кезеңі – аттестаттау аралығындағы кезең;

3) аттестаттау комиссиясы – аттестаттау рәсімін өткізуге уәкілетті алқалы орган;

4) біліктілік санаты – осы Қағидалармен айқындалатын біліктілік талаптарына сай келетін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілік деңгейі;

5) біліктілік тестілеуі – білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тестілер бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін айқындауға бағытталған рәсім;

Педагог қызметкерлердің біліктілік тестілеуін білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайтын ұйым ұйымдастырады және өткізеді.

6) кезекті аттестаттау – әр бес жыл өткен сайын педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатын беру (растау) үшін мерзімді жүзеге асырылатын рәсім;

7) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық қорытындылау – келесі көрсеткіштер негізінде педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыретін жүйелі, бірізді және объективті зерделеу: білім алушылардың (тәрбиеленушілер) білім сапасы, іскерлігі мен дағдылары, жетістіктері, сабақ беру (тәрбие беру және оқыту) сапасы және аттестаттау кезеңіндегі кәсіби жетістіктері;

8) мерзімінен бұрын аттестаттау – кезекті аттестаттау мерзімі басталғанға дейін біліктілік санатын алу үшін үміткер, педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың өз еркімен жазған өтініші негізінде өткізілетін рәсім;

9) пәндік олимпиадалар, шығармашылық, кәсіби конкурстар, ғылыми, спорттық жарыстар – білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізімге енгізілетін іс-шаралар;

10) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар – «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының тізбесінде көрсетілген лауазымды атқаратын тұлғалар;

11) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау – педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби қызметті орындау үшін қажетті кәсіби құзыреттілігін белгілейтін, біліктілік санаттарын (растау) беру бойынша бірізді әрекеттердің тәртібі;

12) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілігін арттыру – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен оқыту мен сабақ беру сапасын арттыру үшін кәсіби білімін, іскерлігін, дағдыларын және құзыреттілігін жаңартуға, сондай-ақ бұрын алғандарын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін оқыту;

13) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың портфолиосы – қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық қорытындылау материалдары;

14) сараптамалық кеңес – аттестаттау комиссиясының қарауы үшін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық қорытындылау бойынша қорытынды жасайтын және дайындайтын жұмыс органы.

15) CEFR (Common European Framework of Reference, шет тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреті) – тіл білу деңгейін сипаттау үшін қолданылатын халықаралық стандарт;

16) ұлттық біліктілік тестілеуі – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым әзірлеген тестілер бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін айқындауға бағытталған рәсім.

Педагог қызметкерлердің ұлттық біліктілік тестілеуін білім беру саласындағы өкілетті орган айқындайтын ұйым ұйымдастырады және өткізеді.

2. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу үшін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиялары: білім беру ұйымдарында, аудандық (қалалық) білім бөлімдерінде, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларында, білім беру саласындағы уәкілетті органда (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін) тиісті саланың уәкілетті органдарында құрылады.

Аттестаттау комиссиясының құрамы білім беру ұйымы, білім бөлімінің қалалық/аудандық, білім басқармасы, мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен бекітіледі.

---

*Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

3. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан құралады. Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен төраға орынбасары комиссия мүшелерінің арасынан таңдалады. Хатшы аттестаттау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

4. Аттестаттау комиссиясының құрамына тәжірибелі педагогтер, әдіскерлер, ғылыми-педагогикалық кеңестердің, оқу-әдістемелік бірлестіктердің, біліктілікті арттыру институттарының, қоғамдық және қоғамдық емес ұйымдардың, кәсіподақтардың өкілдері, білім беруді басқару органдарының, кадр қызметінің мамандары, өндірістік бірлестіктердің, Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – ҚР «Атамекен» ҰКП) өкілдері (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін), мамандары кіреді.

Салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттауды білім беру ұйымдарының және тиісті мемлекеттік органдардың аттестаттау комиссиялары жүзеге асырады.

Тиісті органдарда білікті мамандар болмаған жағдайда білім беру ұйымының басшысы білім беруді басқару органынан педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау туралы өтінішпен жүгінеді.

**2-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары**

**1-Параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары**

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды (бұдан әрі – аттестатталушы адамдар) аттестаттау кезекті және мерзімінен бұрын болып бөлінеді.

6. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар аттестаттаудан Заңның 51-бабы 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес кемінде бес жылда бір рет өтеді.



7. Аттестатталушы адамдар келесі оқу жылында аттестаттаудан (кезекті және мерзімінен бұрын) өту үшін ағымдағы жылғы 25 мамырға дейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясына өтініш береді.

8. Аттестатталушы адамдардың тізімдік құрамы білім беру ұйымының алқалық органының шешімімен жыл сайын 10 маусымға дейін бекітіледі және аудандық (қалалық) білім бөлімдеріне, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, білім беру саласындағы уәкілетті органға (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін) ұсынылады.

*Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

9. Аттестатталушы адамдардың біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өткізу педагог қызметкерлер қызметінің қорытындысын кешенді талдамалық қорытындылау арқылы бір кезеңде жүзеге асырылады.

10. Аттестатталушы адамдардың біліктілік санаттарын көтеру үшін Заңның 51-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес біліктілік талаптарына сай өтініш негізінде мерзімінен бұрын аттестаттау өткізіледі:

1) екінші біліктілік санатына:

кәсіптік орта (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі), жоғары оқу орнын «үздік» бітірген және кемінде бір жыл педагогикалық қызметінің өтілі бар тұлғалар;

«Болашақ» бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнын бітірген және кемінде бір жыл педагогикалық қызметінің өтілі бар тұлғалар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде үш жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар;

2) бірінші біліктілік санатына:

ЖОО-дан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі және магистр академиялық дәрежесі бар тұлғалар;

облыстық деңгейдегі кәсіби конкурстардың, педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын екінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

қатысу нысандары әртүрлі (күндізгі, сырттай, қашықтықтан) облыстық деңгейдегі пән олимпиадаларының, шығармашылық, кәсіби конкурстардың, ғылыми және спорттық жарыстардың қатысушыларын даярлаған екінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

облыстық деңгейде өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған екінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде төрт жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар;

3) жоғары біліктілік санатына:

облыстық деңгейдегі пән олимпиадаларының, шығармашылық, кәсіби конкурстардың, ғылыми және спорттық жарыстардың қатысушыларын немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушыларын даярлаған бірінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

облыстық деңгейдегі кәсіби конкурстардың, педагогикалық олимпиадалардың қатысушылары немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушылары болып табылатын бірінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

облыстық немесе республикалық немесе халықаралық деңгейде өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған бірінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

біліктілікті арттыру жүйесінен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде төрт жылдық педагогикалық жұмысы өтілі, бірінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

магистр академиялық дәрежесі және кемінде төрт жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар, ЖОО-дан білім беру ұйымына педагогикалық жұмысқа ауысқан тұлғалар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде бес жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау олардың біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан өтуі ескеріле отырып өткізіледі.

11. Мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер тұлғалар екі кезеңдік аттестаттаудан өтеді:

- 1) бірінші кезең – біліктілік тестілеуі;
- 2) екінші кезең – қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

12. Біліктілік тестілеуін жыл сайын 15 қазан мен 15 желтоқсан аралығында облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, білім беру саласындағы уәкілетті орган, қарамағында білім беру ұйымдары бар салалық мемлекеттік органдар бекіткен кестеге сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйым өткізеді.

---

*Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

13. Тестілеудің өткізілу мерзімі аттестатталушы адамдарға тестілеу рәсімін өткізуге кемінде 2 апта қалғанда хабарланады.

14. Аттестаттау барысында біліктілік тестілеуіне жататын еңбек қызметі бейіні бойынша бағыттар тізбесі білім туралы құжат бойынша біліктілігіне сәйкес анықталады.

15. Біліктілікке тестілеу жүз тестілік тапсырмадан тұрады:

- «Қызмет бағыты бойынша» – жетпіс тапсырма;
- «Педагогика, оқыту әдістемесі» – отыз тапсырма;

Біліктілік тестілеуінің жалпы уақыты екі жүз отыз минутты құрайды.

«Қызмет бағыты бойынша» - 50%, «Педагогика және оқыту әдістемесі» бойынша - 50% дұрыс жауап алынса, тестілеу нәтижесі оң деп есептеледі.

Тестілеу кезінде 50 %-дан кем нәтиже көрсеткен немесе дәлелді себептермен қатыспаған аттестатталушы адамдар бірінші тестілеуден кейін екі айдан кешіктірмей қайта тестілеуден өтеді.

Дәлелді себептер мыналар болып табылады:

- 1) ұзақ уақыт бойы еңбекке жарамсыздық (2 айдан аспайтын);
- 2) жүктілік және бала туу, бала күту демалысында болу;
- 3) шетелде қызметтік іссапарда болу.

16. Қайта тестілеу кезінде 50%-дан кем нәтиже көрсеткен аттестатталушы адамдар аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберілмейді. Тестілеуден табысты өткен аттестатталушы адамдар аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберіледі.

17. Тестілеу аяқталған соң нәтижелері бойынша ведомость білім беруді басқару органдарына жолданады, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымның ресми сайтына орналастырылады.

18. Біліктілік тестілеуінің нәтижесі бір жылға жарамды.

Өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында педагогикалық жұмысқа ауысқан тұлғалар біліктілік тестілеуінен босатылады.

19. Аттестатталушы адамдар қызметінің өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестігін кешенді талдамалық қорытындылау жүргізу үшін білім беру ұйымы, аудандық (қалалық) білім бөлімдері, білім басқармалары, мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен 1 қаңтардан 1 наурыз аралығында сараптамалық кеңес құрылады:

екінші біліктілік санатына – білім беру ұйымы деңгейінде ұйымдастырылған сараптамалық кеңес, оның құрамына: әдістемелік бірлестіктер, кафедралар, «Атамекен» ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, ата-аналар қоғамы, жұмыс берушілер өкілдері, білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін әдіскерлер мен тәжірибелі педагог қызметкерлер кіреді;

бірінші біліктілік санатына – аудан (қала) деңгейінде ұйымдастырылған сараптамалық кеңес, оның құрамына: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері, ауданның (қаланың) тәжірибелі педагог қызметкерлері, біліктілікті арттыру жүйесі, «Атамекен» ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, жұмыс берушілер, ата-аналар қоғамының өкілдері кіреді;

облыстық маңызы бар білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың бірінші біліктілік санатына және жоғарғы біліктілік санатына – облыстық деңгейде ұйымдастырылған сараптамалық кеңес, оның құрамына: «Атамекен» ҰКП, әдістемелік кабинеттер, біліктілікті арттыру

жүйесі, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, жұмыс берушілер өкілдері, облыстағы тәжірибелі педагог қызметкерлер кіреді.

Аттестатталушы адамның қызметінің өтініш берген біліктілік санатына сәйкестігін белгілеу үшін сараптама кеңесінің қарауына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) аттестаттауға өтініш;

2) барлық аттестатталатын педагог қызметкерлердің міндетті ұсынуға қажетті құжаттар көшірмелері:

жеке басты куәландыратын құжат;

білімі туралы диплом;

қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаты;

бұрын берген біліктілік санаты туралы куәлік;

біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы құжаттар;

3) кәсіптік жетістіктері туралы мәліметтер (болған жағдайда):

педагогикалық тәжірибені жинақтау материалдары: эссе, шығармашылық есеп, кәсіптік қызметіне өзіндік талдау жасау;

педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың қызметінің кешенді талдамалық жинақтаудың қорытындылары: пікірлер, оқушылар мен тәрбиеленушілерден, ата-аналардан, әріптестер мен әкімшіліктен алынған сауалнамалар нәтижелері; практика базаларының басшылары, жұмыс берушілер тарапынан пікірлер, ЖОО-ға түсу немесе еңбекке орналасу туралы ақпарат;

педагогикалық қызмет нәтижелері: аттестатталушы адамның, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу, шығармашылық, спорттық, пәндік олимпиадаларға, конкурстарға, байқауларға, жарыстарға, ойындарға қатысуы, марапаттау материалдары;

соңғы үш жылдағы қызметкердің кәсіптік қызметі нәтижелілігінің динамикасы (мерзімінен бұрын аттестаттауда – 1-2 жыл).

20. Сараптамалық кеңес әрбір аттестатталушы адам бойынша қорытынды (аттестаттауға ұсыну (ұсынбау) шығарады.

21. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиялары аттестаттау процесінде:

1) аттестатталушы адамда қызметінің қорытындыларын қарастырады және талдайды;

2) аттестатталушы адамдардың кәсіби құзыреттілігін бағалайды. Аттестатталушы адамдардың біліктілік санаттарын беруді (растауды) тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиялары жүзеге асырады:

1) білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде педагогтердің екінші біліктілік санатын бекітеді, бірінші және жоғары санатты беру (растау) үшін педагогтердің материалдарын дайындайды;

2) аудандық (қалалық) білім бөлімінің аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде педагогтердің бірінші біліктілік санатын бекітеді, жоғары санатты беру (растау) үшін педагогтердің материалдарын дайындайды;

3) облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде педагогтерге жоғары біліктілік санатын береді (растайды).

Аттестатталушы адамдарға бірінші және жоғарғы біліктілік санатын білім беру саласындағы уәкілетті орган береді (растайды).

Барлық деңгейдегі аттестаттау комиссиясының қарауына мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) аттестататтудан өтуге арналған өтініш
  - 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 3) білімі туралы дипломның көшірмесі;
  - 4) біліктілігін арттыру туралы құжаттың көшірмесін;
  - 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;
  - 6) бұрын берілген біліктілік санаты туралы куәлігінің көшірмесі (растау) (жоғары білім беру ұйымынан өткен және біліктілік санаттары жоқтардан басқалары).
  - 7) тестілеу нәтижелері бар ведомость (жедел өтушілер үшін);
  - 8) сараптамалық кеңестің қорытындысы.
-

*Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

22. Аттестаттау комиссиясының шешімі отырысқа қатысушы мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысқан кезде қабылданды деп саналады. Дауыс беру нәтижелері қорытынды отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның даусы шешуші болып табылады.

Аттестаттау комиссиясының шешімі барлық мүшелер қол қоятын тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының хаттамасымен ресімделеді. Тиісті деңгейдегі басшы шешімінің қорытындылары бойынша бұйрық шығарылып, кейіннен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатын беру (растау) үшін аттестатталушы адамды аттестаттау туралы куәлік беріледі.

Аттестаттау комиссиясы білім беру ұйымының әрбір педагог қызметкері және оған теңестірілген тұлғалар бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) өтінім берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) өтінім берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді.

Даулы мәселелер туындаған жағдайда тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы алқалы түрде шешім қабылдайды.

**2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары**

23. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін аттестатталушы адамдар (бұдан әрі – аттестатталушы адамдар) кезекті және мерзімінен бұрын аттестатталатындар болып бөлінеді.

Біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестатталушы адамдарды кезекті аттестаттау екі кезеңде жүзеге асырылады:

- 1) бірінші кезең – ұлттық біліктілік тестілеуі;
- 2) екінші кезең – қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

Аттестатталушы адамдар аттестаттаудан өту (кезекті және мерзімінен бұрын) үшін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына 20 желтоқсан мен 5 қаңтар аралығында немесе ағымдағы жылғы 1-15 тамыз аралығында Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш береді.

24. Аттестатталушы адамдардың тізімдік құрамы білім беру ұйымының алқалық органының шешімімен бекітіледі.

25. Біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестатталушы адам кезекті аттестаттау өтініш негізінде (оның ішінде қазіргі санатының мерзімі аяқталғанға дейін) жүргізіледі:

- 1) «педагог» біліктілік санатына:

келесі кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін жұмыс өтіліне талап қойылмай, мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар: оқу пәні мазмұнын, оқу-тәрбиелеу процесін, оқыту және бағалау әдістемесін біледі, білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбиелеу процесін жоспарлайды және ұйымдастырады, білім алушының жалпы мәдениетін және оны әлеуметтендіруді қалыптастыруға ықпал етеді, білім беру ұйымдары деңгейінде өтетін іс-шараларға қатысады, білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытудың жеке тәсілін жүзеге асыру, кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынас негіздерін біледі, цифрлық білім ресурстарын қолданады.

- 2) «педагог-модератор» біліктілік санатына:

келесі кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін педагогикалық өтілі кемінде екі жыл, мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар: «педагог» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар білім алушылардың жетістіктері деңгейінде оқыту нәтижелеріне қосқан жеке үлесіне талдау жасайды және рефлексия жүргізеді, оқытудың инновациялық нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады, білім беру ұйымы деңгейінде өз тәжірибесін жинақтайды,



білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар;

3) «педагог-сарапшы» біліктілік санатына:

келесі кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін, педагогикалық өтілі кемінде 3 жыл, мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар: «педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын біледі, өзінің және білім беру ұйымы деңгейінде әріптестерінің кәсіби даму басымдылығын айқындайды және тәлімгерлікті жүзеге асырады, өз тәжірибесін аудан/қала деңгейінде жинақтайды, олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар;

4) «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына:

келесі кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін педагогикалық өтілі кемінде 4 жыл, мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар: «педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар сабақты зерттеу дағдыларын және бағалау құралдарын әзірлей біледі, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету, тәлімгерлікті жүзеге асыру және аудан, қала деңгейінде педагогикалық қауымдастықта даму стратегиясын сындарлы түрде айқындайды, өз тәжірибесін облыс/Астана, Алматы және Шымкент қалалары деңгейінде жинақтайды, облыстық/ Астана, Алматы және Шымкент қалалары деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар;

5) «педагог-шебер» біліктілік санатына:

келесі кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін педагогикалық өтілі кемінде 5 жыл, мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар: «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар авторлық бағдарламасы бар немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданып, шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен авторы) болып табылады, ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді; тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс деңгейінде кәсіби қауымдастық желісін дамытуды жоспарлайды; республикалық және халықаралық конкурстар

---

мен олимпиадалардың қатысушысы болып табылады немесе республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушыларын дайындау.

---

*Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

26. Келесі талаптардың біріне сәйкес аттестатталушы адамдар өтініші негізінде мерзімінен бұрын аттестаттауға жіберіледі:

1) «педагог-модератор» біліктілік санатына:

білім беру ұйымы деңгейіндегі пән олимпиадаларының, шығармашылық, кәсіби конкурстардың, ғылыми, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын дайындайтын тұлғалар;

білім беру ұйымы деңгейіндегі кәсіби конкурстардың, педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалар;

өзінің педагогикалық тәжірибесін аудан, қала деңгейінде жинақтаған тұлға;

жоғары оқу орнын «үздік» бітірген тұлғалар;

жоғары оқу орнын пәнді ағылшын тілінде оқыту құқығымен бітірген, B1 деңгейінен төмен емес (CEFR шкаласы бойынша) ағылшын тілі білімін растайтын сертификаты (куәлігі) бар тұлға;

магистр академиялық дәрежесі бар тұлғалар;

орта кәсіптік (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі) оқу орнын «үздік» бітірген және кемінде бір жыл педагогикалық еңбек өтілі бар тұлғалар;

бейіндік пән бойынша спорт шеберлігіне үміткерлер болып табылатын тұлғалар;

2) «педагог-сарапшы» біліктілік санатына:

аудандық/қалалық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық, кәсіби жарыстардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған тұлғалар;

кәсіби жарыстардың, аудандық/қалалық деңгейдегі педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, болып табылатын тұлғалар;

облыс (Астана, Алматы және Шымкент қалалары) деңгейінде өздерінің педагогикалық тәжірибелерін қорытындылаған тұлғалар;

Болашақ» бағдарламасының түлегі болып табылатын тұлғалар;

ғылым кандидаты/докторы дәрежесі бар тұлғалар;

ағылшын тілін B2 деңгейінен (CEFR шкаласы бойынша) төмен емес деңгейде меңгерген, пәндерді ағылшын тілінде оқытатын тұлғалар;

білім беру ұйымына жоғары оқу орнынан педагогикалық қызметке ауысқан және кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар адамдар;

бейіндік пән бойынша халықаралық спорт шебері болып табылатын адамдар;

3) «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына:

облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық, кәсіби жарыстардың, ғылыми немесе спорттық жарыстардың жеңімпаздарын немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушыларды дайындаған тұлғалар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізімге сәйкес кәсіптік конкурстардың, облыстық деңгейдегі педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушылары болып табылатын тұлғалар;

республикалық деңгейде өздерінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған тұлғалар;

ғылым кандидаты/докторы дәрежесі бар адамдар және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

«педагог-шебер» біліктілік санатына:

республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық, кәсіби жарыстардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын немесе халықаралық деңгейдегі қатысушыларын дайындаған тұлғалар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізімге сәйкес кәсіптік конкурстардың, республикалық деңгейдегі педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары немесе халықаралық деңгейдегі қатысушылары болып табылатын тұлғалар;

өздерінің педагогикалық тәжірибелерін халықаралық деңгейде жинақтаған, педагогикалық практикада ғылыми негізделген әдістерді, авторлық оқыту және тәрбиелеу технологиясын жүйелі түрде қолданатын тұлғалар.

*Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

27. Ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысуға өтініштер қабылдауды тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссия жүргізеді, ол біліктілік талаптарына сай болған жағдайда өтініштерді ұлттық біліктілік тестілеуін өткізетін ұйымға жолдайды.

Өтініштерді қабылдау мерзімдері: күнтізбелік жылғы 10 наурыз бен 2 мамырға аралығы, 10 тамыз бен 6 қыркүйек аралығы.

28. Аттестатталушы адамдар ұлттық біліктілік тестілеуінен өту үшін келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуге қатысу үшін өтініш;

2) 3x4 көлеміндегі екі сурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

29. Өтініштер деректер базасына енгізілгеннен кейін аттестатталушы адамдарға тестілеуге рұқсаттама беріледі.

30. Ұлттық біліктілік тестілеуі жүз тест тапсырмасынан тұрады:

«Оқу пәнінің мазмұны» – жетпіс тапсырма;

«Педагогика, оқыту әдістемесі» – отыз тапсырма.

Бастауыш білім беретін педагогтер мына пәндер бойынша тест тапсырады: қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі бойынша), математика.

31. Ұлттық біліктілік тестілеуінің жалпы уақыты – екі жүз минут, «Математика», «Физика», «Химия», «Информатика» пәндері үшін – екі жүз отыз минут.

32. Ұлттық біліктілік тестілеуін білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша қағаз және электрондық форматта өткізіледі.

33. Ұлттық біліктілік тестілеуі аттестатталушы адамдардың қалауы бойынша өтінім берген кезде белгіленген тілде (қазақ немесе орыс) өткізіледі.

34. Ұлттық біліктілік тестілеуі:

- 1) тест тапсырмаларының бірыңғай базасы;
- 2) құпиялы жағдайларда дайындалған құжатты білдіретін сұрақ кітапшасы, түпнұсқаландыруға арналған парольдері бар тестілеу рұқсаты;
- 3) қағаз форматта тестілеу кезінде жауаптарды толтыруға арналған жауаптар парағы негізінде жылына екі рет өткізіледі.

35. Бірінші ұлттық біліктілік тестілеуінің мерзімі – күнтізбелік жылғы 26 мамырдан бастап 5 маусым аралығында, екіншісі 1-10 қараша аралығында.

36. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұлттық біліктілік тестілеуін өткізуге жауапты ұйым бағдарламалық қамтамасыз етуді (бұдан әрі – БҚ) әзірлейді:

- тест тапсырмаларының базасын қолдау және құру үшін;
- аттестатталушы адамдардың деректерін (ЖСН, Т.А.Ә. (әкесінің аты бар болған жағдайда), өтінім берілген біліктілік санаты, оқыту пәні және тапсыру тілі) енгізе отырып, педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың деректер базасын қалыптастыру (өтініштер қабылдау) үшін;
- аудиториялық қор базасын қалыптастыру үшін;
- тестілеу өткізу және нәтижелерін беру үшін;
- апелляция рәсімдерін жүргізу үшін;
- аттесталушы адамдарды дербес хабардар ету үшін.

37. Аттестатталушы адамдардың деректер базасын қалыптастыру үшін әзірленген БҚ аудандық (қалалық) бөлімдерге, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, республикалық білім беру ұйымдары үшін – білім беру саласындағы уәкілетті органға жолданады.

---

*Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

38. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұлттық біліктілік тестілеуін өткізуге жауапты ұйым өтініштерді қабылдау, тестілеуді өткізу, апелляциялық рәсімдерді жүргізу, нәтижелерді өңдеу және беру кезеңінде бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысын сүйемелдейді.

39. Білім беру саласындағы уәкілетті орган аттестатталушы адамдардың ұлттық біліктілік тестілеуінен өтетін күнін және өткізу пункттерін айқындайды.

40. Осы Қағидалардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру үшін ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу пункттеріне білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілдері жіберіледі.

41. Ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысу үшін өтініш берген аттестатталушы адамдарға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсаттама беріледі.

42. Ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу пункттерінің кіріп-шығатын есіктері, тестілеу аудиториялары және басқа да қатысы бар кабинеттері бейнебақылау жүйесімен және мобильді байланысты, мобильді және стационарлық интернетті, әртүрлі типтегі және әрекет ету радиусындағы спутниктік сигналды басу құрылғыларымен қамтамасыз етіледі.

43. Тестілеуді өткізу пунктінің ғимаратына аттестатталушылардың кіруі кезінде аттестатталушы адамның жеке басын куәландыратын құжаттың және рұқсаттаманың негізінде жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі.

44. Аттестатталушы адам аудиторияға бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте жеке басын куәландыратын құжаттың және рұқсаттаманың негізінде аттестатталушының жеке басын сәйкестендіру қайта жүргізіледі.

45. Аттестатталушы адамдарға ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу кезінде аудиториядан кезекшінің рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға, бір-бірімен сөйлесуге, орын ауыстыруға, материалдармен алмасуға, материалдарды аудиториядан алып шығуға, аудиторияға тыйым салынған заттарды (оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді, цифрлық смарт аппаратурасын) кіргізуге және пайдалануға, материалдарды (жауап парақтары мен сұрақ кітапшаларын) мыжу, түзету сұйықтығын қолдану, беттерді жырту, бояуға қарастырылмаған секторларды бояу (жауап парағының нөмірі) арқылы бүлдіруге рұқсат етілмейді.

46. Тестілеуді жүргізу күні бағдарламалық қамтамасыз етуі бар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) өкілі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (электрондық форматта жүргізу үшін) аттестатталушы адамды отырғызу парағын басып шығарады. Аттестатталушы адамдар отырғызу парағындағы нөмірге сәйкес орынға отырады.

47. Аттестатталушы адамдар отырғызылғаннан кейін аудитория бойынша емтихан материалдарымен жұмыс істеу қағидаларын түсіндіреді. Одан кейін аудиториядағы үш аттестатталушы адамның қатысуымен Министрліктің өкілі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша емтихан материалдарын ашу актісін жасай отырып, емтихан материалдары бар қорапты ашуды ұйымдастырады.

48. Бірінші кезекте жауап парақтары таратылады. Жауап парақтарының қызметтік секторлары толтырылғаннан кейін нұсқаларды тарату парағына сәйкес сұрақ кітапшаларын үлестіру жүргізіледі, оның көмегімен пәндер бойынша тест тапсырмалары аттестатталушы адамдардың назарларына жеткізіледі. Сұрақ кітапшасының титул парағы толтырылады.

49. Жауап парағы бір данада беріледі, ауыстыруға жатпайды және аттестатталушы адамды тестілеу нәтижелерін растайтын жалғыз құжат болып табылады.

Аттестатталушы адамдар жауап парақтарының қызмет секторын және сұрақ кітапшасының титул парағын толтырғаннан кейін тақтада тесттің басталу және аяқталу уақыты жазылады.

Аттестатталушы адам қағидаларды бұзған кезде нысан бойынша тыйым салынған заттарды анықтау және аудиторияда тәртіп сақтау қағидаларын бұзған аттестатталушы адамды аудиториядан шығару актісі және (немесе) осы Қағидаларға 7 және 9-қосымшаларға сәйкес тестілеуде бөгде адамды анықтау актісі жасалады.

Тестілеуді аяқтауына қарай немесе тестілеу уақыты біткеннен кейін аттестатталушы адам жауап парағын және сұрақ кітапшасын аудитория бойынша кезекшіге береді.

Аудитория бойынша кезекші емтихан материалдарын тестілеу нәтижелері өңделетін кабинетке жеткізеді.

Жауап парақтарын сканерлеу аудиториялар бойынша жүргізіледі.

50. Тест тапсырмаларының жауаптарын бағалауды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйым мынадай түрде жүзеге асырады:

1) ұсынылған бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар үшін бір балл, қалған жағдайларда нөл балл беріледі;

2) ұсынылған нұсқадан бірнеше дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар үшін:

-барлық дұрыс жауаптар үшін - екі балл;

-жіберілген бір қате үшін - бір балл;

-екі және одан да көп қате жібергені үшін - нөл балл беріледі.

51. Электрондық форматта тестілеу кезінде:

1) компьютерлік сыныптардың дайындалуын бақылауды тестілеуді өткізуге жауапты ұйымның өкілімен бірлесіп аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады;

2) компьютерлік сыныптар бір ғимарат (корпус) шегінде орналасуға тиіс;

3) өтініштерді қабылдау базасы жабылғаннан кейін аттестатталушы адамға сәйкестендіру үшін паролі бар тестілеуге рұқсаттама беріледі;

4) ұлттық біліктілік тестілеуін өткізуге жауапты ұйым тестілеуге бір күн қалғанда тестілеу уақытында пайдаланылатын барлық компьютерлерді дайындап тіркейді, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырғызу парағын басып шығарады;

5) тестілеу өткізілетін күні бағдарламалық қамтамасыз етуі бар Министрліктің өкілі отырғызу парағын басып шығарады, аттестатталушы адамдар отырғызу парағындағы нөмірге сәйкес орындарына отырады;

6) аттестатталушы адамдар компьютер сыныбына рұқсаттамаға, жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес бір-бірден кіргізіледі және отырғызу парағында көрсетілген орынға отырады;

7) отырғызғаннан кейін аттестатталушы адамдар отырғызу парағына қол қояды, «Компьютер нөмірі» бағанын қолмен толтырады;

8) тестілеу басталардан бұрын жауапты адам аттестатталушы адамдарға тестілеу уақытында тәртіп сақтау қағидалары бойынша нұсқама өткізеді;



9) аттестатталушы адамдар ұлттық біліктілік тестілеуін өткізуге жауапты ұйым ұсынған бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен тестілеуден өтеді;

Тестілеудің нәтижесі тестілеу аяқталған соң беріледі.

52. Қағаз форматтағы тестілеу кезінде:

1) аттестатталушы адамдар отырғызылғаннан кейін тестілеу материалдарымен жұмыс істеу қағидасы түсіндіріледі;

2) одан кейін аудиториядағы үш аттестатталушы адамның және білім беру саласындағы уәкілетті орган өкілдерінің қатысуымен тестілеу материалдары бар қорапты ашу ұйымдастырылады;

3) шақырылған аттестатталушы адамдар қораптағы мөрдің тұтастығын тексереді. Қорапты ашып, осы Қағидаларға б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Емтихан материалдарын ашу актісін жасай отырып, ондағы материалды қайта санайды;

4) тестілеуді аяқтауына қарай немесе тестілеу уақыты біткеннен кейін аттестатталушы адамдар жауап парақтарын және сұрақ кітапшаларын жауапты адамға тапсырады;

5) жауап парақтарын және сұрақ кітапшаларын қабылдау кезінде жауап парағының барлық қызметтік секторлары мен титул парағының толтырылғаны және сұрақ кітапшаларының тұтастығы тексеріледі, содан соң аттестатталушы адам аудиториядан шығады.

53. Дұрыс жауаптардың кодтары екі данада жасалады: бірі жалпыға көруге ілінеді, екіншісі – апелляциялық комиссия үшін.

54. Тестілеу нәтижелері жөніндегі ведомость тестілеу күні екі данада ресімделеді, оған аттестаттау комиссиясы мүшелері мен төрағасының және білім беру саласындағы уәкілетті орган өкілдерінің (олар қатысқан жағдайда) қолдары қойылады және білім басқармасының мөрі басылады.

Ведомостің бір данасы ақпараттық стендте аттестатталушы адамдардың Т.А. Ә. көрсетілмей ілінеді, екінші данасы тестілеуді өткізуге жауапты ұйымға беріледі, сондай-ақ тестілеу нәтижесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымның ресми сайтында орналастырылады.

55. Аттестатталушы адамға тестілеу нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апелляциядан кейінгі балдары көрсетілген, аттестаттау комиссиясы төрағасының қолымен расталған және жергілікті білім беру органының мөрімен бекітілген анықтама беріледі.

56. Тестілеу нәтижесі:

«Оқу пәнінің мазмұны» бағыты бойынша:

«педагог-модератор» - 50%;

«педагог-сарапшы» - 60%;

«педагог-зерттеуші» - 70%;

«педагог-шебер» - 80%;

«Педагогика, оқыту әдістемесі» бағыты бойынша:

«педагог-модератор» - 30%;

«педагог-сарапшы» - 30%;

«педагог-зерттеуші» - 30%;

«педагог-шебер» - 30% балл жинаған жағдайда, оң болып есептеледі.

---

*Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

57. Тестілеуде теріс нәтиже көрсеткен аттестатталушы адамдар жылына ең көбі бір рет қайта тапсыра алады.

58. Тестілеуде оң нәтиже көрсеткен аттестатталушы адамдар аттестаттаудың екінші кезеңіне өтеді.

59. Ұлттық біліктілік тестілеуінің нәтижесі бір жылға дейін жарамды.

60. Тестілеу нәтижесімен келіспеген жағдайда, аттестатталушы адамдар апелляциялық комиссияға жүгінеді.

Бірыңғай талаптардың орындалуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу, тестілеуді өткізу кезеңінде аттестатталушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында республикалық апелляциялық комиссия және тестілеуді өткізу пунктіндегі апелляциялық комиссия құрылады.

61. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы және құрамы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі. Тестілеуді өткізу пунктіндегі апелляциялық комиссияның төрағасы және құрамы облыстың (Астана, Алматы және Шымкент қалалары) білім беруді басқару органының бұйрығымен бекітіледі.

*Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

62. Республикалық апелляциялық комиссия, тестілеуді өткізу пунктіндегі апелляциялық комиссия өкілеттілігінің әрекет ету мерзімі – бір жыл.

63. Тестілеуді өткізу пунктіндегі апелляциялық комиссия тестілеуге қатысқан аттестатталушы адамдардан тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер жөніндегі өтініштерді қабылдайды және қарайды, республикалық апелляциялық комиссияға балдарды қосу туралы ұсыныс енгізеді және оларды апелляцияның қорытындысы туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

64. Апелляция жөніндегі өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына тестілеуге қатысқан аттестатталушы адам өзі береді.

Тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер жөніндегі өтініштер тестілеу өткізілгеннен кейін келесі күнгі сағат 9:00-ден 13.00-ге дейін (жергілікті уақыт бойынша) қабылданады және оны тестілеуді өткізу пунктіндегі апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

Өтініш берушінің өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты, тестілеуге жіберу рұқсаттамасы болуы керек. Аттестатталушы адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

65. Апелляциялық комиссия аттестатталушы адаммен жеке тәртіпте жұмыс жүргізеді.

Апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмесе (дұрыс жауап нұсқасы көрсетіледі);

2) дұрыс жауап болмаса;

3) барлық ұсынылған нұсқалардан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бір дұрыс жауаптан көп дұрыс жауап болса (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

4) тест тапсырмасы дұрыс құрылмаса;

техникалық себеп бойынша:

1) әрбір дұрыс жауап кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер екі және одан көп дөңгелекше ретінде оқыса;

2) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер бос дөңгелекше ретінде оқыса;

3) жауап парағында ақау болғанда;

4) тапсырма шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) болмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда.

66. Апелляция жөніндегі өтініште жазылған нақты фактілер қарауға жатады. Апелляция уақытында тестілеуді өткізу пунктіндегі апелляциялық комиссияға аттестатталушы адам көрсеткен нұсқаны және таңдаған пәнді ауыстыруға рұқсат етілмейді.

Барлық тест тапсырмаларын қайта қарау бойынша апелляция жөніндегі өтініштер әрбір тапсырма бойынша дәлелді негіздеме (толық түсіндірме, тапсырманың қадамдық шешімі) көрсетілмей берілсе, қарауға жатпайды.

67. Республикалық апелляциялық комиссия тестілеуді өткізу пунктіндегі апелляциялық комиссиядан аттестатталушы адамдардың жауап парақтарының көшірмелерін сұратады және алады.

68. Тестілеуді өткізу пункттеріндегі апелляциялық комиссиямен аттестатталушы адамның өтініші оң шешім тапқан жағдайда, аттестатталушы адамның өтініші Республикалық апелляциялық комиссияға беріледі.

69. Республикалық апелляциялық комиссия тестілеуді өткізу пунктеріндегі апелляциялық комиссияның аттестатталушы адамға балл қосу туралы ұсынысының негізділігін қарайды және түпкілікті шешім қабылдайды.

70. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстары тең

болған кезде төрағаның даусы шешуші болып табылады. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі төраға мен комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Республикалық апелляциялық комиссия және тестілеуді өткізу пунктеріндегі апелляциялық комиссия отырыстарының хаттамалары тестілеуді өткізуге жауапты ұйымда бір жыл бойы сақталады.

71. Апелляцияны есепке алғандағы ведомость апелляция өткізілген күні бір данада тестілеуді өткізуге жауапты ұйыммен ресімделеді, аттестаттау комиссиясы мүшелерінің/білім беру саласындағы уәкілетті орган өкілдерінің қолдарымен расталады және білім беруді басқару органының мөрімен бекітіледі.

72. Апелляция нәтижелері бойынша аттестатталушы адамдарға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апелляцияны ескере отырып, ұлттық біліктілік тестілеуден өткендігі туралы анықтама беріледі.

73. Ұлттық біліктілік тестілеуінің апелляциясы аяқталған соң пайдаланылған сұрақ кітапшалары жойылады, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталушы адамдардың ұлттық біліктілік тестісі кітапшаларын жою туралы актісі жасалады.

74. Тестілеуден теріс нәтиже көрсеткен аттестатталушы адамдар аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберілмейді, тестілеуді табысты тапсырған аттестатталушы адамдар аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберіледі.

75. Мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген, біліктілік тестілеуінен қайта өтпеген аттестатталушы адамдар үшін қолданыстағы біліктілік санаты жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

76. Ұлттық біліктілік тестілеуінен қайта өтпеген «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» (ауыспалы кезеңде) біліктілік санаттарын иеленуге өтініш білдірген аттестатталушы адамдар үшін қолданыстағы біліктілік санаттары: екінші, бірінші, жоғарғы санаттарының жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Кейіннен ұлттық біліктілік тестілеуінен өтпеген кезде қолданыстағы біліктілік санаты бір жылға ұзартылады, қайтадан растамаған кезде тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы шешімінің негізінде біліктілік санаты «педагог» біліктілік санатына дейін төмендейді.

77. Мәлімдеген біліктілік санатына сәйкестігін белгілеу үшін аттестатталушы адамдар 10 жұмыс күні ішінде тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 2) білімі туралы дипломның немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік берілген қайта даярлау туралы құжаттың көшірмесін;
- 3) бар болған жағдайда біліктілік санаты туралы куәліктің көшірмесін;
- 4) ұлттық біліктілік тестілеуден өткендігі туралы анықтаманы;
- 5) оқу жетістіктерін сыртқы бағалау және/немесе ағымдағы және/немесе қорытынды аттестаттау нәтижелерін қамтитын аттестаттау кезеңі үшін білім алушылардың білім сапасының мониторингін;
- 6) бар болған жағдайда білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттардың көшірмелерін немесе тәжірибесін жалпылауды растайтын құжаттардың көшірмелерін;
- 7) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сабақтарды (кемінде 3) бақылау парағын;
- 8) аттестатталушы адамдардың жетістіктерін растайтын құжаттардың (бар болған жағдайда) көшірмесін;
- 9) біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы құжаттың көшірмесін қамтитын портфолионы ұсынады.

---

*Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

78. Аттестатталушы адамдар қызметі қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтаудың өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестігін білім беру ұйымы, қалалық/аудандық білім беру бөлімдері, білім басқармасы, мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен бекітілетін сараптамалық кеңес жыл сайын ағымдағы жылғы 31 шілде немесе 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде жүргізеді, сараптамалық кеңес ағымдағы жылғы 31 шілдеге немесе 15 желтоқсанға дейін құрылады.

79. Сараптамалық кеңес құрамына төраға мен сараптамалық кеңестің мүшелері кіреді. Сараптамалық кеңестің мүшелері тақ саннан, кемінде 5 адамнан тұрады.

Сараптамалық кеңес «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» біліктілік санатын беруге портфолионы қарау және бағалау үшін құрылады және білім беру ұйымы, тиісті деңгейдегі білім беруді басқару органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Сараптамалық кеңес «педагог-шебер» біліктілік санатын беруге портфолионы қарау және бағалау үшін облыстардың (Астана, Алматы және Шымкент қалаларының) білім беруді басқару органдары деңгейінде құрамында «Атамекен» ҚР ҰКП, әдістемелік кабинеттердің, біліктілік арттыру институттарының, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтың, жұмыс берушілердің, қамқоршылық кеңестің өкілдері, облыстың тәжірибелі педагог қызметкерлері, сонымен қатар «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰ өкілдері енгізіле отырылып құрылады және облыстың (Астана, Алматы және Шымкент қалаларының) білім беруді басқару органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

---

*Ескерту. 79-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

80. Сараптамалық кеңес портфолионы қарау мен бағалау үшін:

«педагог-модератор» біліктілігі санатына білім беру ұйымдары деңгейінде құрылады, оның құрамына: әдістемелік бірлестіктердің, кафедралардың, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтардың, қамқоршылық кеңестердің, жұмыс берушілердің өкілдері, әдіскерлер мен білім беру ұйымдарының тәжірибелі педагог қызметкерлері кіре алады;

«педагог-сарапшы» біліктілік санатына аудан (қала) деңгейінде құрылады, оның құрамына: әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кабинеттердің, ауданның (қала), облыстың тәжірибелі педагог қызметкерлері, кафедралардың, біліктілікті арттыру жүйелерінің, «Атамекен» ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақ, жұмыс берушілер, қамқоршылық кеңес, ғылыми-педагогикалық кеңес өкілдері кіре алады;

облыстық маңызы бар білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға «педагог-сарапшы» біліктілік санатын және «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына облыстық деңгейде құрылады және бекітіледі, оның құрамына: «Атамекен» ҚР ҰКП, әдістемелік кабинеттердің, біліктілікті арттыру жүйесінің, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақ қоғамдық ұйымының, жұмыс берушілердің, қамқоршылық кеңестің өкілдері, облыстың тәжірибелі педагог қызметкерлері кіре алады.

Сараптамалық кеңес «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» біліктілік санатын беруге портфолионы қарастыру және бағалау үшін құрылады және білім беру ұйымдары, тиісті деңгейдегі білім беруді басқару органдары басшыларының бұйрығымен бекітіледі.

Сараптамалық кеңес «педагог-шебер» біліктілік санатын беруге портфолионы қарау және бағалау үшін облыстардың (Астана, Алматы және Шымкент қалаларының) білім беруді басқару органдары деңгейінде құрамында «Атамекен» ҚР ҰКП, әдістемелік кабинеттердің, біліктілік арттыру институттарының, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтың, жұмыс берушілердің, қамқоршылық кеңестің өкілдері, облыстың тәжірибелі педагог қызметкерлері, сонымен қатар «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰ өкілдері енгізіле отырылып құрылады және облыстың (Астана, Алматы және Шымкент қалаларының) білім беруді басқару органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Сараптамалық кеңес өкілеттілігінің әрекет ету мерзімі бір жылды құрайды.

Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы аттестатталушы адамдардың портфолиосын жинауды жүзеге асырады және осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталушы адамдардың проффолиосын қабылдау-тапсыру актісі бойынша ағымдағы жылғы 20 маусымға және 2 желтоқсанға дейін тиісті деңгейдегі сараптамалық кеңеске жібереді.

---

*Ескерту. 80-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

81. Тиісті деңгейдегі сараптамалық кеңес аттестатталушы адамдардың портфолиосын осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатын беруге (растауға) аттестатталушы адамдардың портфолиосын бағалау өлшемшарттарына сәйкес қарайды және бағалайды.



82. Әрбір аттестатталушы адам бойынша сараптамалық кеңес (аттестаттауға (ұсынылады (ұсынылмайды) деген шешім шығарады.

83. Сараптамалық кеңес осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатын беруге (растауға) аттестатталушы адамдардың портфолиосын бағалау парағын және тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына аттестатталушы адамның біліктілік санатына қызметі қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау жөніндегі сараптамалық кеңес қорытындысын осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылғы 31 шілдеге және 20 желтоқсанға дейін жібереді.

84. Әрбір аттестатталушы адам бойынша тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді.

85. Аттестаттау комиссиясының отырысы біліктілік санатын беру (растау) және біліктілік санатының жарамдылық мерзімін ұзарту осы Қағидаларға 16-17-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді

Отырыста кем дегенде оның 2/3 мүшелері қатысқан кезде аттестаттау комиссиясының шешімі қабылданған болып есептеледі. Дауыс беру нәтижелері қорытынды отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

86. Біліктілік санатын беруге кезекті аттестаттау кезінде аттестаттау комиссиясы «өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылдаған жағдайда қазіргі біліктілік санаты сақталады.

Біліктілік санатын растауға кезекті аттестаттау кезінде аттестаттау комиссиясы «өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылдаған жағдайда біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді, біліктілік санатын беруде мерзімінен бұрын аттестаттаудан өткен жағдайда, қазіргі біліктілік санаты оның жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

87. Екінші, бірінші, жоғары біліктілік санатынан «педагог-модератор», «педагог – сарапшы», «педагог-зерттеуші», «мұғалім-шебер» біліктілік санатына өткен кезде және ұлттық біліктілік тестілеу ден қайта өткеннен кейін өтініш

берілген біліктілік санаты расталмаған жағдайда, қазіргі кездегі біліктілік санаты сақталады, одан кейін расталмаған кезде бір жылға ұзартылады, қайтадан расталмаған кезде біліктілік санаты тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде «педагог» біліктілік санатына дейін төмендетіледі.

87-1. «Педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттары берілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың:

«педагог-модератор» - «екінші санатты мұғалім»;

«педагог-сарапшы» - «бірінші санатты мұғалім»;

«педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» - «жоғары санатты мұғалім» біліктілік лауазымдары сақталады.

---

*Ескерту. Қағидалар 87-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

88. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттесталушы адамдарға біліктілік санатын беруге (растауға) аттестаттау туралы куәлікті беруді білім беру ұйымы аттестаттау комиссиясының шешімдері және тиісті ауданның (қаланың), облыстың жергілікті атқарушы органдары басшыларының бұйрықтары негізінде ағымдағы жылғы 31 тамыздан немесе 31 желтоқсаннан кешіктірмей жүзеге асырады.

89. Аттестатталушы адамдарға біліктілік санатын беруге (растауға) аттестаттау туралы куәлік беру осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беру (растау) туралы куәліктерді тіркеу және беру журналында тіркеледі.

Қазақстан Республикасының шегінде педагогикалық салада жаңа жұмыс орнына ауысқан кезде педагогтерде бар біліктілік санаты оның жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

90. Жасына байланысты зейнетке шығуға бес жылдан көп емес уақыт қалған педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санаттарының қолданылу мерзімі өткен жағдайда, кезекті аттестаттаудан босату туралы өтінішке (еркін түрдегі нысан) сәйкес өздерінде бар біліктілік санаты зейнетақы жасына жеткенге дейін сақталады.

91. Зейнетке шыққаннан кейін педагогикалық қызметін жүзеге асыруды жалғастырушы педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар жалпы негізде аттестатталады.

92. Аттесталушы адамдарды аттестаттау білімі туралы дипломда көрсетілген мамандыққа (біліктілігі) сәйкес немесе атқарып отырған лауазымы бойынша тиісті біліктілік санаты беріле отырып, қайта даярлау туралы құжатпен жүзеге асырылады.

Білімі туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген пәнді (пәндер) оқыту жағдайында педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес пәндер көрсетіле отырып, негізгі қызмет бойынша жүргізіледі.

93. Шағын жинақты мектептің педагог қызметкерлері үшін дипломда көрсетілмеген пәннен сабақ берген жағдайда аттестаттау жеке куәлігі немесе біліктілікті арттыру курстарында кәсіби оқудан, тиісті біліктілігі бар қайта даярлау курсына кәсіби оқу туралы сертификаты негізінде атқарып отырған лауазымы бойынша өткізіледі.

94. Педагог жоғары оқу орны (бұдан әрі – ЖОО) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды кәсіптік даярлау жүзеге асырылмайтын пән бойынша сабақ берген жағдайда, оның бұрын алған санаты сақталады, ал біліктілігін арттыру туралы тиісті сертификаты болған кезде аттестаттау жалпы негізде өткізіледі.

94-1. «Өзін-өзі тану» пәнінен сабақ берген кезде педагог қызметкердің біліктілік санаты бұрынғы сабақ беріп жүрген пәні бойынша біліктілік санатына теңестіріледі және оның мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Психологиялық, диагностикалық (ерекше білім алуға қажеттілігі бар білім алушыларды анықтауға қатысты), коррекциялық, әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді жүзеге асыратын педагог қызметкерлерге дипломда көрсетілген мамандығына сәйкес немесе қайта даярлау курсынан өтуі ескеріле отырып «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттары беріледі.

---

*Ескерту. Қағидалар 94-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.06.2018 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

95. Арнайы білім беру ұйымдарында немесе арнайы сыныпта (топта) білім туралы дипломда көрсетілмеген мамандық бойынша қызмет жүргізген жағдайда біліктілікті арттыру және білім беру ұйымдарында қайта даярлау курстарынан өту нәтижесінде алған сертификатының негізінде атқарып отырған лауазымы бойынша аттестаттаудан өткізіледі.

96. Арнайы білім беру ұйымдарында дипломда көрсетілген пәннен сабақ беретін педагог қызметкерлер сабақ беріп отырған пәні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан, білім беру ұйымдарында қайта даярлаудан өту нәтижесінде алған сертификаты негізінде аттестаттаудан өткізіледі.

97. Инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектептің педагог қызметкерлері дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес және қосымша пәндер (арнайы педагогика, арнайы психология және басқалары) бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі ескеріле отырылып, аттестаттаудан өткізіледі.

98. Біліктілік санаттары педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың өтініштері негізінде 3 жылдан аспайтын уақытқа келесі жағдайларда ұзартылады:

1) «Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 367 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11512 болып тіркелген) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесіне сәйкес педагог қызметкерлердің уақытша еңбекке жарамсыздығы;

2) жүктілігі және босануы бойынша, бала күтімі бойынша демалыста болуы;

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерде мамандығы бойынша қызметтік іссапарда, оқуда (тағылымдамада) болуы;

4) оны тоқтату себептеріне қарамастан, біліктілік санаты берілген лауазымға жаңартып отыратын жұмыс;

5) Қазақстан Республикасының шегінде жұмыс орнын ауыстыру;

б) жақын және алыс шет елдерден Қазақстан Республикасына келген тұлғалардың білімі, еңбек өтілі мен біліктілік санатын растайтын құжаттары болған кезде педагогикалық қызметін жүзеге асыру;

7) білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білімді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан білім беру ұйымдарына ауысуы.

99. Тиісті деңгейдегі аттестациялық комиссиясының қарауына осы Қағиданың 98-тармағында көрсетілген педагогтердің және жұмысқа шыққан адамдардың біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

1) біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш (еркін түрі);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) білімі туралы дипломның немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік берілген қайта даярлау туралы құжаттың көшірмесі;

4) біліктілігін арттыру туралы құжаттың көшірмесін;

5) қызметкер мен оларға теңестірілген тұлғалардың еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;

б) педагог қызметкердің және оған теңестірілген тұлғалардың біліктілік санатын беру туралы аттестаттау туралы куәлігінің көшірмесі (растау) (педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардан басқа жоғары білім ұйымынан өткен және біліктілік санаттары жоқтар);

7) біліктілік санатының қолданыс мерзімін ұзарту негізділігін растайтын құжат.

Аттестаттау комиссиясының отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Аттестаттау комиссиясының шешімі отырысқа қатысушы мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысқан кезде қабылданды деп саналады. Дауыс беру нәтижелері қорытынды отырысқа қатысқан комиссиясы мүшелерінің көпшілік даусымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның даусы шешуші болып табылады.

Аттестаттау комиссияның шешімі барлық мүшелер қол қоятын тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының хаттамасымен ресімделеді. Тиісті деңгейдегі басшы шешімінің қорытындылары бойынша кейіннен осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатын беруге ( растауға) аттестатталушыны аттестаттау туралы куәлікті берумен қоса бұйрық шығарылады.

Аттестаттау комиссиясы білім беру ұйымының әрбір педагог қызметкері және оған теңестірілген адамдар бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) қайта аттестаттауға жатады.

Біліктілік санатын, тиісінше еңбекақысын төмендету туралы шешім аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен ресімделеді.

Даулы мәселелер туындаған жағдайда тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы алқалы түрде шешім қабылдайды.

### **3-параграф. Білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары**

100. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) аттестаттауды әзірлеу мен өткізу;
- 2) аттестаттау комиссиясымен өткізетін қызметшілермен әңгімелесу;
- 3) аттестаттау комиссиясының шешім шығаруы.

101. Аттестаттауды өткізуге дайындықты орган басшысының тапсырмасы бойынша білім және ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың (бұдан әрі – аттестаттау органы) кадр қызметі ұйымдастырады және ол келесі іс-шараларды қамтиды:

- 1) аттестатталатын білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерге қажетті құжаттарды дайындау;
- 2) аттестаттаудан өткізу кестесін әзірлеу;
- 3) аттестаттау комиссияларының құрамын айқындау;

4) әңгімелесу өткізуге арналған сұрақтарды дайындау.

102. Аттестатталушы органның кадр қызметі, білім беру саласындағы жауапты орындаушылар аттестаттауға жататын қызметшілерді алты ай ішінде бір рет айқындайды.

103. Аттестаттаушы органның басшысы аттестаттаушы органның кадр қызметінің ұсынысы бойынша бұйрық шығарады, онымен аттестатталатын адамдардың тізімін, аттестаттауды өткізу кестесі мен аттестаттау комиссияларының құрамын бекітеді.

104. Білім беру ұйымының жауапты орындаушылары, аттестатталушы органның кадрлық қызметі қызметшілерге аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей оларды өткізу мерзімдері туралы жазбаша хабардар етеді.

105. Аттестаттауға жататын қызметшінің тікелей басшысы қызметтік мінездеме ресімдейді және оны аттестаттаушы органның кадр қызметіне жолдайды.

106. Қызметтік мінездеменің құрамында аттестатталушы қызметшіге негізделген объективті бағалау, кәсіби, жеке басының қасиеттері мен қызметтік әрекетінің нәтижелері болады.

107. Аттестаттаушы органның кадрлық қызметі қызметшіні оған ұсынылған қызметтік мінездемемен аттестаттау комиссиясының отырысына дейін кемінде үш апта бұрын мерзімде таныстырады.

108. Оған берілген қызметтік мінездемемен келіспеген жағдайда, қызметші аттестаттаушы органның кадр қызметіне оны сипаттайтын ақпаратты ұсынады.

109. Аттестаттаушы органның кадр қызметімен аттестатталушы қызметшіге осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттауға жататын азаматтық қызметшінің аттестаттау парағын ресімдейді.

110. Аттестаттаушы органның кадр қызметі жиналған аттестаттау материалдарын аттестаттау комиссиясына жібереді.

111. Аттестаттау комиссиясы аттестаттаушы органның басшысымен оны кадр қызметінің ұсынысы бойынша және оның мүшелерінің тақ санымен кемінде бес адамнан құрылады.

Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің арасынан төраға мен хатшыны тағайындайды. Аттестаттау комиссиясының төрағасы оның қызметін басқарады, оның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, жалпы бақылауды жүзеге асырады.

112. Аттестаттау комиссиясының құрамына құрылымдық бөлімшелердің және аттесталатын органның кадр қызметінің басшылары, кәсіподақтың және алқалық басқару ұйымы кеңесінің өкілдері енгізіледі.

Аттестаттау комиссиясының жоқ мүшелерін ауыстыруға жол берілмейді.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы білім беру ұйымының жауапты орындаушысы, аттестаттау органының басшысы айқындайтын аттестаттау органының кадр қызметінің өкілі болып табылады.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы аттестаттау комиссиясының отырысына материалдарды, қажетті құжаттарды дайындайды, хаттаманы ресімдейді және қол қояды және дауыс беруге қатыспайды.

113. Аттестаттау комиссиясының отырысы, егер оның құрамының кемінде 2 /3 қатысса, заңды деп есептеледі.

114. Дауыс беру нәтижелері аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең түскен жағдайда, аттестаттау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

115. Аттестаттау комиссиясының мүшелері келіспеген жағдайда өзінің ерекше пікірін білдіре алады.

116. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды аттестатталатын қызметшінің қатысуымен өткізеді.

Аттестатталушы аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелді себептермен қатыспаған жағдайда, оны аттестаттау мәселесін қарау комиссия көрсеткен неғұрлым кешірек мерзімге ауыстырылады.

Аттестатталушы аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда қайта аттестаттау тағайындалады. Азаматтық қызметші қайтадан дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда ол аттестатталмады деп есептеледі.

117. Отырыс барысында аттестаттау комиссиясы ұсынылған материалдарды зерделейді, аттестатталатын адамды тыңдайды.



Аттестатталатын адамға қойылатын сұрақтар кәсіби даярлық, іскерлік қасиеттер мәселелеріндегі оның құзыреттілік деңгейін анықтауға бағытталған.

